

TURKISTAN

Сейфолла Оспан: Тұлғалар халқына еткен еңбекін бұлдамаған

Сол кезде жүрт газеттерге мақала жазғанды қойды. Себебі баспасөз баяғыдай қаламакы бермейді. Сол кезде өндірте мақала жаздым. Тіпті, кей күндері екі-үш мақаладан жазған кезім бар. Екі жылдың ішінде екі жүзден артық мақала жазыптын. Ол барлық газетке басылып жатты. Кейін «Ара» журналында, «Түркістан» газетінде журналист болдым. Обалы не керек, «Түркістанды» ашқан Қалтай Мұхамеджанов ағамыз оны елге пайдалы үлкен газет қылды. «Түркістан» атауын біздің елге тән ұғымға айналдырды. Алайда сол кезде басылымның тиражын көтеру қызындау еді. Газетке негізінен Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарының оқырмандары зор қолдау көрсетті. Зейнетке «Түркістан» газетінде істеп жүріп шықтым. Сондықтан бүгінде өздерің жұмыс істеп жүрген газет – маган өте ыстық, қадірлі басылым.



Кей қаламгерлер жүрт көзіне жиі түсетін белсенді болады, ал енді кейбірі шаруасын тым-тырыс атқарып, ел назарынан шеттеу жүреді. Осының екінші тобына жататын, әдебиетіміздің ақсақалдарының бірі Сейфолла Міркемелұлы – 65 жылдан бері көркем сөз әлемінде тер төгіп келе жатқан қаламгер. Қоپтеген кітаптың авторы. Поэзия, аударма, журналистика саласында еткен еңбектері елеулі.

– Сейфолла аға, қазақ әдебиетіне еңбек сінірген ақсақалсыз, бұйырса жақында 85 жасқа толғалы отырсыз. Үлкен кісінің өмірі жастарға өнегеғой, алдымен ғұмыр жолыңызды қысқаша шолып шықсақ.

– Қызылорда облысы, Теренөзек ауданының Сәкен Сейфуллин атындағы кеңшарда дүниеге келдім. Сол ауданда қазақтың белгілі қаламгерлері – атақты драматург Қалтай Мұхамеджанов, белгілі аудармашы Әбілмәжін Жұмабаев, ақын-сыншы Әбірәш Жәмішевтер туған.

Теренөзекте 8-сыныпты бітірген соң 9-10-сыныптарды Қызылорда қаласында

тұратын жалғыз апамның үйінде жатып оқыдым. Жездемнің аты – Қойшыбек, сол кісінің Тайшыбек атты інісі мені өзінің туыстары болып келетін 1-Май мектебінің директорына алып барып, 9-а сыныбының партасына отырғызды. Ол сынныpta 15 бала бар екен, 16-болып мен қосылдым. Ол сынныpta кілең басшылардың балалары оқиды екен. Сынып жетекшіміз Қызылорданың атақты дәрігері Үйдірысов деген кісінің зайды болды. Өзі – мәдениетті, келісті татар қызы, химия пәннің мұғалімі.

Біз ауылдан келген баламыз, қаланың балалары мүлде бөлек екен. Бұлар біз секілді сабағын оқып, тым-тырыс үйіне қайта бермейді, мұғалімдермен айтысып-тартысып отырады. Кілең жұлқынып тұрган пәле. Бірде тіпті физика пәннен сабак беретін мұғалімнің біліміне көңлі толмай директорға арызданып, оны бізге сабак беру құқығынан айырып, төменгі сыннытарға жіберктізdi. Сол бірге оқыған жігіттердің бәрі кейін бастық болды. Мектепті бітіруге тақағанда Алматыдан бір әйел келіп, шамасы жергілікті балаларды оқуға тартуға келсе керек, бізге «Алматының мединститутына бала жетпей жатыр, елімізге білімді дәрігерлер керек, сондықтан соған оқуға барындар» деп үгіт жүргізді. Менің әкем де шөптен дәрі жасайтын тәуіпшілігі бар, молда кісі еді, соның әсері болса керек – менің де дәрігер болғым келді. Мектепті бітіріп ауылға барсам, әкем мені үйлендіргісі келіп отырған екен. Менің есілдертім оқу. Сөйтіп, әрі-сәрі болып жүргенде бірде әкем ауылдағы бір кісінің үйіне «пәленшеде 300 сом ақша бар еді, соны алып келші» деп жұмсады. Ақшаны алып тұрып ойландым: «ауылда қалсам маған оқу жоқ, осы 300 сом маған Алматыға баруға жетеді ғой» дедім де Қызылордаға тартып кеттім, үйге айтпай. Қалаға барып құжаттарымды алдым да мектепті бітірген соң екі-үш жігітке еріп, пойызben Алматыға тартып кеттім. Бұл – 1956 жыл.

Алматыға түскенде, шынымды айтсам, қала көзіме тым қораш көрінді. 1-Алматы теміржол вокзалы біздің атамзаманда салынған Қызылорданың теміржол вокзалының қасында вокзал деуге келмейді тіпті. Бұл маған біртурлі әсер етіп, «Елдің астанасы дейміз, мынаусы қалай?» деп ойладым.

Қасымдағы жігіттердің бірінің қазіргі Абылайхан көшесінде тұратын туысы бар екен, соған орналасып болып мединститутқа келсек, оқитын бала табылмай қараң қалып жатқан түгі жоқ, институттаabituriент дегенің толып жүр. Құжатты үш күн жүріп зорға тапсырдық. Кейін білдік, біз тапсырғанда бір орынға 17 баладан келіпті. Институтқа 8 сабактан емтихан тапсырып, өте алмадым. Ауылдан шыққанда 300 сом ақшам бар еді, советтің көне ақшасы ғой, соның 150 сомына Қызылордадан пойызға мініп келгем, қалған 150 сомын Алматыда жатқан үйде ұрлатып алған соң, қайтарда пойыздың төбесіне мініп қайтуға тұра келді. Ауылдағы әдет қой, билет жоқ болса вагонның төбесіне мінетін. Пойыздың төбесінде бара жатқанда бас киімім ұшып кетті. Бірақ оған ренжімей, «бас киімімді алып қалды ғой, Алматыға тағы да келетін шығармын» деп жақсылыққа жорып қойдым.

– Елге оралған соң не істедіңіз? Оқуға деген ынтаңыз суып қалмады ма?

– Сонымен итшілеп Қызылордаға да жеттік. Ақшасын қалтаға басып, рұқсатсыз кетіп қалған адамбыз, экенің бетін көру қайда? Қалаға келген соң, қалайда ақша табудың қамына кірісіп, сексеуіл дайындастын жерге жұмысқа

тұрдым. Бар ойым – қолыма ақша түссе тағы Алматыға жету. Әлгі жерде екі жарым айдай жұмыс істеп, 2 жарым мындаған ақша таптым. Жездем өзіне жайлы, тілалғыш баладан айырылғысы келмейді, «прорабтың оқуын не шопырдың оқуын оқы, өзім ақшасын төлеп оқытамын» дейді. Мен қалай да мединститутта оқымын деймін. Ренжіп қалды. Бірақ сексеуілде жұмыс істейтіндерге беретін бір машина отынды үйіне түсіртіп, риза қылып кеттім. Сөйтіп, Алматыға жеттім. Бірақ бұл жолы да мединститутқа оқуға түсे алмадым. Үшінші рет тағы да сол оқуға құжат тапсырған соң Алматыдағы №75 құрылыш тресіне жұмысқа тұрдым. Сонда мына Сайран көлі жоқ еді, соның орнын ойып жасанды көл жасауға қатыстым. Тас уататын агрегатта жұмыс істедім. Сөйтіп жүргенде 1958 жылы Мәскеуде қазақ мәдениетінің декадасы болатын болып, баспа мен баспахананың арасында барып кел, шауып келде жүретін куръер керек болып жатыр дегенді естіп, соған жұмысқа өтіп кеттім. Баспаның бастығы – академик Мұхамеджан Қаратаяев. Бұрын аты-жөнін сырттай ғана білетін қаламгерлерді көргеніме мәзбін. Бірақ ол кезде қаламгер боламын деген ой жоқ. Мектептегі қазақ әдебиетінің оқулығын жазған Баламер Сахариеv, Айқын Нұрқатов, Серік Қирабаев деген кісілерді көрдім. Мен оларды жасы жер ортаға келген адамдар шығар десем, бар болғаны бізден он-он екі жас қана үлкен жас жігіттер екен. Таңғалдым. Мұхандарды, Сәбендерді көріп тұрам. Маған соларды көріп жүрудің өзі бір романтика!

Айлығым – 60 сом. Курьермін. Өтебай Тұрманжанов деген баспада балалар белімінің бастығы. Сонда істейтін Мариям Хакімжанова деген ақын апамыз, өзі бір ғажап адам, мені әңгімеге тартып, әдебиет туралы не білетінімді сұрайды. Оқыған кітаптарымды сартылдатып айтып беремін. Біраз уақыт өткен соң «балам, әдебиетті жақсы біледі екенсін, шығарма жазуға талпын, өлең жаз, әңгіме жаз» дейтін болды. Ол кезде әдебиеттің ауылы маған тым алыс сияқты. Сондықтан Мәриям апайға «Апа, мен жазушы болмаймын, медик болғым келеді» деймін ғой баяғы. Сонда да ол кісі «медик болсан бола бер, медик болып жүріп те жазуға мүмкіндік табасың» деп үміттендіруден танбайды.

– Әдебиетке келуіңізге не себеп болды? Қаламгерлер ортасында жұмыс істеуіңіздің әсері тиді ме?

– Бұл – өзі бір қызық. 1958 жылы «Балдырған» журналы ашылды. Сонда белгілі балалар ақыны Әнуәрбек Дүйсенбиев ағамыз жұмыс істеді. Өзі нар түйедей ірі кісі. Қайратты. Қунде көрісеміз, туыстай болып кеткен адам. Анда-мында жұмсаса жүгіріп кетем. Сол кісі бірде «Сейфолла мен сені інімдей жақсы көремін. Сен ше?» деді. «Аға, мен де сізді тұған ағамдай көрем» дедім. «Онда мен саған бір тапсырма берем» деді. «Жарайды, жүгіріп алып келейін» деп жатырмын. Тапсырмасы, негізінен бір жарты алып келу ғой! «Жоқ, оны айтып тұрған жоқпын, – Әнекең. – Бұл жолы саған берілетін тапсырма – бір өлең не бір әңгіме жазасың». «Ойбай аға, ол қолынан келмейді» деп шыр ете қалдым. «Неге қолынан келмейді? Мына жерде жарты жылдан аса уақыт жұмыс істеп жүріп, ештеңе үйренбедің бе?» деп ренжігендей болды ағам. Сол кезде алғашқы өлең кітабы жарық көріп, ақын болып желпілдеп жүрген

Тұманбай Молдағалиев те Әнуәрбек ағаның сөзін қоштағандай, «бірдене жазбайтын болсан, бұл жерде неғып жүрсін, кетпейсін бе басқа жерге» деп отқа май құйды. Әнуәрбек ағам айтқанын қыла қоймағаным ашуланған болуы керек, оң қолымен басымды орай құшақтап қысып тұрып, «жазасың ба?» деді. Болмайды дейін десем, қарулы қолы жанымды көзіме көрсетіп бара жатыр, «жазайын, аға» дедім амалсыз. Ағам «саған он күн уақыт беремін, бір өлең не бір әңгіме жазып келесін, бітті!» деп қолын жаздырды. Шынымды айтсам, окушы кезімде бір-біріне сөз айтқан қыз-жігіттерді мазақтап өлең шығарып, соның кесірінен таяқ та жегенмін. Одан өзге көркем шығарма жазу деген ой болған емес. Ал мына тапсырмаға әбден басым қатты. Шығарма және балаларға арналуы керек. Ойлана келе «Біріншіден не жаман, екіншіден не жаман...» деп келетін халық термесінің ізімен балаларға арнап он шумақ өлең жаздым. Сосын өзімше ізденіп «Бидай сөйлейді» деген үш шумақ өлең шығардым. Қарасам, жаман емес сияқты. Екі оленді қалтама салып алып жұмысқа кеттім. Бірақ оны шығарма ретінде қабылдайды деген ойым жок. Қабылдамаса да басым ауыра қоймайды, тек Әнуәрбек ағамның тапсырмасынан құтылсам болды. Он күннен кейін Әнекен «Әй бала, тапсырма не болды?» деді. «Жоқ аға, жаза алмадым» деймін қысылып. «Сен ақымақ кімді алдап тұрсын, уәде бергенің қайда?» Сосын амалсыз «Не жаман?» деген өлеңімді қысыла-қысыла ағамның қолына ұстаттым. Жұрт оқыса күле ме деп қорқамыз ғой баяғы. Бір кезде оқып шығып, «ой, айналайын, бізге керегі де осы еді ғой» деп қуанып, мені құшақтап, «жаза алады екенсін ғой, міне, тым жақсы өлең» деп мәз болып жатыр. Содан оны «Балдырғанға» апарып бастырайын десе, анау-мынауды жақтырмайтын редактор Мұзафар Әлімбаев келісім бермейді, «мұндай өлеңнің керегі жок» деп. Сөйтіп жүргенде Мұзағаң демалысқа кеткенде Әнекендер журналдың бір материалын алдырып тастанап, орнына менің өлеңімді салдырып жіберген. Содан редактор келіп айқай-шу болған. Бірақ басылар өлең басылып кетті. Ол кезде санаулы газет-журналдар ғана ғой бізде, оларға шыққанды елдің бәрі оқиды. Балалар жаттап алған. Таныс-білістердің үйіне барсам, олар балаларына «Сейфолла ағаның өлеңін оқы» дейді балаларына, олар зұылдатып айтып шығады. Онымен де тұрмай әлгі өлең 3-сыныптың «Ана тілі» оқулығына еніп кетті.

Ауылда Қанапия Дәрібаев деген ақын бар, сол ағам мені мазақтайтын: «20 жасында бір өлең жазып бүкіл Қазақстанға танылдың. Енді 40-қа келгенде бір өлең жаз, атынды құллі Советтер одағы білетін болады. Сосын 60-қа келгенде бір өлең жазсан бүкіл әлемге таныласың» деп.

Сөйтіп әдебиетке келдік. Жиі жаза бастадық. Топтама өлеңдерім 1961 жылы жас ақындардың «Жас дәүрөн» жинағына шықты. Кейін балаларға, үлкендерге арналған кітаптарым шықты. Медик болу бұйырмады, 1966 жылы ҚазМУ-дің филология факультеті журналистика бөлімін сырттай оқып бітірдім. Ауылдың қызымен бас қостым. Сол кезде әкем қайтыс болды. Сосын елден өгей шешемді алдырып едім, ол кісі бұл жақты жерсінбей, елге қайтып кетті.

Баспада жүргенде «Көк базардың» жанында қазіргі Қонаев көшесіндегі

қазынаның шағын пәтерінде тұрдым. Онда менен бұрын соғыста қайтыс болған ақын Абдолла Жұмағалиев, ақын Қайрат Жұмағалиев тұрған екен.

– **Журналистикада да біраз жыл еңбек еткен екенсіз?**

– Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін нарық заманы басталды ғой. Сол кезде жүрт газеттерге мақала жазғанды қойды. Себебі баспасөз баяғыдай қаламақы бермейді. Сол кезде өндірте мақала жаздым. Тіпті, кей күндері екі-үш мақаладан жазған кезім бар. Екі жылдың ішінде екі жүзден артық мақала жазыптын. Ол барлық газетке басылып жатты. Кейін «Ара» журналында, «Түркістан» газетінде журналист болдым. Обалы не керек, «Түркістанды» ашқан Қалтай Мұхамеджанов ағамыз оны елге пайдалы үлкен газет қылды. «Түркістан» атауын біздің елге тән ұғымға айналдырды. Алайда сол кезде басылымның тиражын көтеру қындау еді. Газетке негізінен Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарының оқырмандары зор қолдау көрсетті. Зейнетке «Түркістан» газетінде істеп жүріп шықтым. Сондықтан бүгінде өздерің жұмыс істеп жүрген газет – маған өте ыстық, қадірлі басылым.

– **Аудармамен де біраз айналысканыңызды білеміз. Соның бастылары туралы айта кетсөніз?**

– Мен Шығыс әдебиетімен бала жастан таныспын. Әкем кешкісін шамның жарығымен Мұхаммед пайғамбар туралы қиссалардан тұратын «Сияр-Шәріп» дастаның оқып беретін. Соның ырғағы құлаққа әбден сіңісті болып қалған ғой, соның әсерімен парсының ірі ақыны Әбдірахман Жәмидің шығармаларын аудардым. Сөйтіп, кезінде шығыс әдебиетінің аудармашысы ретінде танылғаным бар.

Фабит Мұсіреповтің ұсынысымен Қалтай Мұхамеджанов араб әдебиетінің ортағасырдағы класикалық шығармасы, әйгілі «Мың бір тұнді» аударды ғой. Тұпнұсқасында бұл шығарманың көлемі 200 томнан асады екен. Оны Батыс елдері 12 том қылышп ықшамдап аударған ғой. Кейін 8 том болып қайта шыққан. Сол нұсқасы орыс тіліне тәржімеленген. Оны Қалағаң қазақшалады, өлеңдерін мен аудардым. Ол 12 мың жолдан тұрады.

Жалпы, біткен іске сыншы көп қой, «Мың бір тұннің» 6 томы аударылып жарияланғаннан кейін бір рецензия шықты. Онда Қалағаңның аудармасын мақтайды да, мен аударған өлеңдерді әкесін танытып тұрып сынайды келіп. Бұл өлеңдерді Сағи, Тұманбайлар аударуы керек еді деп. Эрине, бұл екі ақынның мықты екеніне дау жоқ, бірақ олардың құлағына діни бояуы қалың Шығыс әдебиетінің ырғактары мен секілді жасынан сіңген жоқ қой.

Ақындық шеберлік бір бөлек те, материалды сезіну деген бөлек нәрсе емес пе? Соны түсінбеген сыншыға не дейсің енді? Ол тұра берсін, содан бір он күн өткеннен кейін тағы бір ғалым-сыншы «Мың бір тұн» туралы мақала жазып, менімен қоса Қалтай ағаның да аудармасын іске алғысыз етті. Бірақ ол бәрібір халықтың қазынасына айналды.

Арада біраз уақыт өткенде Қызылорда облысын Мұхтар Құл-Мұхаммед басқарып тұрғанда сол өлкеден шыққан қаламгерлердің шығармаларынан құрастырылған «Сырдария кітапханасы» деген сериямен 200 томдық кітап шықты. Соның 8 томына Қалағаң екеуміз аударған «Мың бір

түн» кітабы енді. Сол сериямен менің де 3 томдық өлеңдерім кітап болып шықты. Айта кетейін, өзімнің поэзиямның өз қалауыммен дұрыс кітап болып шыққаны сол болды.

– **Тұрлі тұлғаларға арналған кітаптарды да құрастырып шығарыпсыз. Бейнеті қөpteу бұндай жұмысқа жегілуіздің себебі не?**

– Жалпы, үлкен тұлғалар халқы үшін қанша еңбек етсе де, онысын міндет қылмаған. Яғни, мен оны істедім, мұны жасадым деп жарияға жар салмайды. Бірақ олардың өмірдегі өнегелі жолын өзгелер үлгі етуге тиіс қой. Мен мұны сезіне алған адамның бірі ретінде қазақтың атын шығарған, халқына адал еңбек еткен тұлғалардың азаматтығын дәріптеу қажеттігіне көз жеткізіп, осы жолда аздаған шаруа тындырғаныма шүкірлік етемін.

Біраз жыл «Қазақфильмде» аудармашы-редактор болып жұмыс істедім. Сол кезде кино саласының мамандары туралы тереңірек біле бастадым. Абдолла Қарсақбаев деген мықты қазақ режиссері болды, керемет кинолар түсірген. Ұлтына өте таза адам еді, жарықтық. Сол кісі туралы «Қазақ киносының Құлагері» атты естеліктер жинағын шығардым. Кезінде оның өмірдің шынайы болмысын ашып берген, жалғандықтан ада фильмдері Мәскеуде кино окуын оқып жүргендеге үлгі ретінде көрсетіледі еken.

Қалтай Мұхамеджановтың кім екенін қазаққа таныстырудың керегі жоқ, ол кісінің керемет әзілдері ел аузында аңыздай айттылады. Тапқырлығы өз алдына бір керемет дүние. Сол туралы «Қалтайдың қалжындары» деген естеліктер кітабын шығардым, ішінде өзінің айтқан керемет қалжындары бар, екі рет басылып шықты.

Жұбан Молдағалиев деген атақты ақынымыз бар ғой, «Мен – Қазақпын» атты поэмасы әлі оқылып, айтылып келе жатыр. Кезінде КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты болған. Әйгілі Желтоқсан оқиғасы тұсында Колбинге тайсалмай қарсы шыққан батыр ағамыз. Сол кісі туралы естеліктер кітабы шықпаған еken. Соны Әбілмәжін Жұмабаев екеуміз құрастырып шығарғымыз келіп еді, кеңес өкіметіне қарсы сөз сөйлегендіктен, оны шығарту мүмкін болмады. Бірақ бәрібір он жылдан кейін шығартуға қол жеткіздік. Басқасы басқа, Жұбанның жерлестері де ол кітапты («Мен – Қазақпын») жалғаннның жарығына шығаруға тәуекел ете алмағанда «Білім» баспасының директоры Жарылқасын Нұсқабаев «әкеліңіз, шығарамыз» деп азаматтық көрсетті. Кітаптың құрастырушысы болдым, алғы сөзін, соңғы сөзін жаздым, ішіне өзімнің жазған бір мақаламды енгіздім. Сөйтіп, қазақтың бір тұлғалы ақынының алдындағы інілік парызымды өтедім.

Қазақта адамдық болмысы таза, ұлтын сүйетін қаламгер деп мен өзім көргендердің ішінде Қалжан Нұрманов пен Тахауи Ахтановты айтар едім. Екеуі де сондай бір ғажап жандар еді, көнілінде кісіге деген қылаудай арамдығы жоқ. Тахаңның 90 жылдығы тұсында қасыма Бекарыстан Мырзабай, Сәмен Құлбарак деген жігіттерді алып, «Арыстан жалды заңғар жазушы» деген естеліктер кітабын шығардым. Кітаптың атын да өзім қойдым. Ол да Жарылқасын Нұсқабаевтың баспасынан шықты. Кітапта Тахаудың қаламгерлік, азаматтық тұлғасын жарқыратып ашып көрсеткен материалдар мол. Мәселен, алғысөз ретінде берілген ұлы Мұхтар Әуезовтің Тахауиға жазған

хаты керемет қой. Өзімнің естелігімде де оның Мұқағали мен Бердібек Соқпақбаевқа қандай азаматтық жасағанын жаздым. Жақсының жақсылығын айтқанға не жетсін!

Қазақ қаламгерлері туралы көп мақала жаздым. Төрт том болып тұр. Соның «Қанаты қырқылған қырандар» деген бір кітабы ғана жарық көрді. «Бала болмай дана боп туғандар» деген екінші кітапты баспаларға тапсырып едім, хабар жоқ. «Ағалар жолын қуғандар» деген үшінші кітап та құрастыруын күтіп жатыр.

– Сіздің шығармашылығыңыздың бастауы өткен ғасырдың 60-жылдарында жатырғой. Сол кезде поэзиямызға келіп, танымал тұлғаларға айналған белгілі ақындар туралы сұрағымыз келіп отыр...

– Ол кездегі ақындардың біразымен жүздестік, біразымен жақын араластық. Бәрі туралы жаздым, соның ішінде Өтежан Нұргалиевке 4-5 мақала арнадым.

Қайбір жылы осы қалада бір өзеннің жанында Сәрсенбек Жұмабеков деген шиелілік ақын жігіт екеуміз пәтерде тұрдық. Бізге жақын жерде Өтежандар тұрды. Ол кезде Өтежан сүмдық ақын, өлеңдері керемет. Анау-мынауға мойын бұрмай, шалқақтап жүреді. Бір күні Сәрсенбек сыртқа шығып кетіп еді, іле қайтып кіріп «Сәке, сені Өтежан шақырып жатыр» деді. Барсам Өтежан «Сейфолла, мені бір азамат шақырып, жиырма шақты жігіт ертіп кел деп еді, адам таптай тұрмын, соған бірге барып, сыйын көріп қайтайық та» деді. Сонымен Өтежан бізді Панфилов паркіндегі ресторанға бастап барды. Ол жерде он бестей адам жиналды. Бір кезде бір ірі жігіт келіп, бәрімізben амандасты да, кіріңіздер деді. Ресторанда біздерден басқа ешкім жоқ. Әлгі жігіт тамақ, су, шарап әкелгендерді басқарып жүр. Арасында өзі де оларға қолғабыс жасап қояды. Төрде Өтежан отыр. Бір кезде жаңағы тұлғалы азамат бір құшақ «Социалистік Қазақстан» газетін әкеліп, Өтежанның алдына қойды. Ол газетті бәрімізге бір-біреуден алғызды. Қарасақ, газеттің бірінші бетінде 6 шумақ өлең басылышты, астында Мұқағали Мақатаев деген аты-жөн тұр. Өтежан бізге ірі жігітті көрсетіп, «Мұқағали Мақатаев осы, мына өлеңін бізге жуып отыр» деді. Сөйтсек, бізді шақырған Мұқағали екен.

Кезек-кезек тост айтып, арак-шарапты алып қойып, тамақты жеп болған соң Мұқағали Өтежанға қарап «Ал батанды бер» деп еді, Өтежан: «Оқи бер, оқи бер – білімді боласың, жаза бер, жаза бер – үлкен ақын боласың, аллаңу әкпар!» деп бетін сыйпады. Бір өтірігі жоқ, өз көзіммен көргенім осы!

Мұқағалиды да алғаш көргенім сол. Мұқағали өте ақ көңіл жақсы жігіт еді. Кейін аты шығып, атағы дүрілдеуінің бәрі сол адалдығының арқасында шығар деп ойлаймын.

Төлеген Айбергенов ерекше аруақтанып жүретін. Бір жерге барса, біреу тост айтып не сөйлеп жатыр ма, оған қарамай, кезексіз сөйлеп, өзі өлең оқып билеп-төстеп кете беретін. Ол туралы жазғаным бар.

Өмірзак Қожамұратовты көрген жоқпын, өлеңдерінен үлкен кеңістік көрініп тұратын. 60-жылдардың біраз ақыны әлі кібіртіктеңкіреп тұрғанда, соларға әсер етіп, солардың ақындығына серпін берген Өмірзак поэзиясы болатын. Оны көп жүрт айтқысы келмейтін шығар, бірақ адал зерттеп қараған адам

болса оны сезінеге еді. Алматыда аз ғана уақыт бір ақын әйелмен тұрган кезінде, соның үйінде біраз өлеңдері қалып кеткен дегенді есіттім...

Сағи Жиенбев тамаша лирик ақын еді. Қадыр мен Жұмекен – философ ақындар. Бәрінің де мұрасы ұлттың асыл қазынасына айналды ғой.

– **Үстеліңіздің үстінде жинақталып қалған қолжазбаларға қарасам, қызу бір іске кіріспе жатқан сияқтысыз?**

– Жас та ұлғайды. Денсаулық та онша емес, бір көз көрмейді, алайда бітіретін шаруа аз емес. Кезінде онша мән бермедік пе, әлде өмірдің қарбаласынан қол тие қоймады ма, жинақтауды керек көп дүниелерім бар екен. Арасында өзімнің жазған әдеби мақала-естеліктерім, жұрттың мен туралы жазғандары баршылық. Соларды шетінен реттеп, жинақтаап, кітапқа айналдыруға қам жасап жатырмын. Көптомдығымды шығарсам ба деген ой бар.

– **Әңгіменізге рахмет!**

**Сұхбаттасқан
Ахмет Өмірзак**